

**ҚР Энергетика министрлігінің  
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңес отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2023 жылғы 29 қараша  
сағ.15:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Өуетаев

Қатысқандар: Қоғамдық кеңестің мүшелері *(тізім бойынша)*, Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері *(тізім бойынша)*, жер қойнауын пайдаланушылар *(тізім бойынша)*.

**1. «ҰИМХТ» АЭА аумағында мұнай-газ-химия жобаларын  
энергоресурстармен және инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша  
мұнай-газ-химия кластерін қалыптастыру туралы**

---

*(Е. Қошқаров)*

1.1. Мұнай-газ-химия және техникалық реттеу департаментінің басқарма басшысы Е.Ж. Қошқаровтың «ҰИМХТ» АЭА аумағында мұнай-газ-химия жобаларын энергоресурстармен және инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша мұнай-газ-химия кластерін қалыптастыру туралы ақпараты назарға алынсын.

1.2. **Мұнай-газ-химия және техникалық реттеу департаменті:**

1.2.1. «ҰИМХТ» АЭА аумағында мұнай-газ-химия кластерін қалыптастыру және мұнай-газ-химия жобаларын энергоресурстармен және инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастырсын;

1.2.2. «Мұнай-газ-химияны дамыту туралы» заң жобасын әзірлеу мүмкіндігін қарастырсын.

**2. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жұмыс бағдарламасын  
жүйелі түрде орындамайтын жер қойнауын пайдаланушылармен  
аумақтарды қайтаруы арқылы КСШ барлау мен өндіруге арналған  
келісімшарттарды бұзу бойынша  
ҚР Энергетика министрлігінің жұмысы туралы**

---

*(Е. Ахмолдин)*

2.1. Жер қойнауын пайдалану департаменті директорының орынбасары Е.Ж. Ахмолдиннің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жұмыс бағдарламасын жүйелі түрде орындамайтын жер қойнауын пайдаланушылармен аумақтарды қайтаруы арқылы КСШ барлау мен өндіруге арналған келісімшарттарды бұзу бойынша ҚР Энергетика министрлігінің жұмысы туралы ақпараты назарға алынсын.

2.2. **Жер қойнауын пайдалану департаменті:**


- 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жұмыс бағдарламасын жүйелі түрде орындамағаны үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бұзылған жер қойнауын пайдаланушылардың тізімін Министрлік сайтында жариялау мүмкіндігін қарастырсын.

**3. Мемлекетішілік құндылықтарды дамыту мәселелері бойынша ірі жер қойнауын пайдаланушылардың (ТШО, КПО, НКОК, SNPS-AMG) қызметі туралы**

*(М.Манкеев, Е.Мұқай, К.Суесинов, Фу Чжэньминь)*

3.1. Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг бас директорының орынбасары М. Манкеевтің, NCOC басқарушы директорының орынбасары Е. Мұқайдың, ТШО бас директорының орынбасары К. Суесиновтің, SNPS-AMG бас директорының орынбасары Фу Чжэньминнің мемлекетішілік құндылықтарды дамыту мәселелері бойынша ірі жер қойнауын пайдаланушылардың (ТШО, КПО, НКОК, SNPS-AMG) қызметі туралы ақпараттары назарға алынсын.

Қоғамдық  
кеңестің төрағасы



**Б. Әуетаев**

Қоғамдық  
кеңестің хатшысы



**Н. Секербеков**